# НҰРА

№41 (5072) сенбі,
18 қазан 2008 жыл

Газет 1963 жылдың 1-ші мамырынан бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газеті


*Президент Жолдауымен*

## Ортақ мақсатқа жету жолында

«Елін сүйген, елі сүйген Елбасы!». Иә, Елбасымыз халқының қамы үшін тәуелсіздік алған тұстан бастап нарықтық экономиканы таңдап, осы уақытқа дейінгі сарабдал саясатының арқасында біз бүгінде әлем елдерімен терезесі тең дәрежедегі келіссөздер жүргізіп, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына да төрағалық етуге дайындық жұмыстарымызды жүргізіп жатырмыз. Нұрсұлтан Әбішұлы сыртқы саясатпен қоса ішкі тұрақтылыққа да зор мән беріп, болашақ ұрпаққа бүгіннен бастап инвестиция салуды жөн деп тапты. Өйткені жаһандану заманында біздің еліміздің болашағы бігінгі жас ұрпақ болмақ. Осы мақсатта Президентіміз «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты жолдауының екінші бөлімінің төртінші тармағында (2 бөлім. Қазақстан мемлекеттілігін одан әрі нығайту, мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру; 4 тармағы Үкіметтегі әкімшілік реформа) : әкімшілік реформаның негізгі элементтерінің бірі елдегі жаңа кадр саясаты болуға тиіс. Дамудың қазіргі кезеңінде адам факторы айқындаушы фактор болып табылады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде жаңа тұрпатты басқарушылардың кәсіби ұйытысын қалыптастыруға бағытталған қазіргі заманғы қағидаттарды әзірлеуі керек.

Бұл үрдісте үлкен рөл «НұрОтан» партиясына тиесілі болмақ. Партия мемлекеттік басқару жүйесі үшін кадрлар жасақтауға белсенді қатысып, лайықты азаматтар үшін «әлеуметтік көтергіш» рөлін атқару керек",-деген болатын. (қара. жолдау 18 бет).

Бұдан кейін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «НұрОтан» ХДП-сы Саяси кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінде де «Жас Отан» ЖҚ кеңесінің беделін арттырып оны партияның түпқазығына айналдыру керек деген болатын. Одан кейін мамыр айында Елбасымыздың ұсынысымен тұңғыш рет «Жас Отан» ЖҚ кеңесінің 1-ші Республикалық съезі еткізіліп, онда Президентіміз жастарға 4 басым бағытты баса айтып, солардың соңғысы әрі ең бастысы «Кадрлық резерв» бағдарламасын дайындап, осы бағдарлама аясында Республиканың түкпір-түкпіріндегі Жасотандықтардың саяси білім жетілдіретін курстар, оқытулар ашылып, осы арқылы іріктеліп, ерекше көзге түскен жастар жергілікті атқарушы органдарға, партияның Орталық Аппаратына жұмысқа іріктеп алу керек деп жолдаудағы міндеттер мен партия бағыттарын астастырып, езара байланыстырып берді.

Міне осы аталған шаралар жер-жерлерде жалғасын тауып жатыр. Осындай игі бастамалардың бірін партияның Қарағанды облыстық филиалы мен аймақтық Мемлекеттік қызметкерлерді оқыту мен қайта даярлау орталығы мемлекеттік мекемесімен бірлесіп партия активін «Қазақстан қоғамын демократияландыру кезіндегі саяси менеджмент» тақырыбында қазан айының 8 мен 10 аралығында оқытты. Аталған оқуға Нұра аудандық «Жас Отан» ЖҚ кеңесінің Атқарушы хатшысы Түсіпов Б.К да оқып қайтқан болатын. ҚР Конституциясы, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Заңы, Азаматтық қоғамды дамыту туралы тұжырымдамасы, PR- технологиялар лекциялар оқылып, ең соңында барлық қатысушылар тест тапсырып тиісінше бір-бір сертификатқа ие болып қайтты.

**БАЯНОВ Д.Қ**
«НұрОтан» ХДП-сы
Нұра аудандық филиалы
төрағасының бірінші орынбасары,

## Нұра аудандық Мәслихатының кезектен тыс XI сессиясынан ақпараттық хабар

16 қазан 2008 жылы аудандық Мәслихаттың кезектен тыс XI сессиясы болып етті. Сессияны оның төрағасы Д.Баянов ашып, жүргізді. Сессия жұмысына аудан әкімі С.Шайдаров, ауыл, кент әкімдері, аудан ұйымдарының басшылары қатысты.

Сессия күн тәртібіндегі ауданның 2008 жылға бюджетіне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарап, талқылады.

Қаралған мәселе бойынша аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы М.Мұхаметжанова хабарлама жасады. Сессия қаралған мәселелер бойынша шешімдер қабылдады. Аудандық Мәслихаттың кезекті XII сессияның күн тәртібі бекітілді. Сессияның төрағасы болып Д.Баянов сайланды.

Осымен сессия өз жұмысын аяқтады.

*Ауыл-береке - 2008*

## Порадуем горожан своей продукцией!

Осень для крестьянина – это пора уборки урожая не только в поле, но и на собственном участке. Нередко бывает, что урожай настолько радует, что сельчанин не прочь продать излишки. Продать в селе за копейки - не совсем выгодно, а везти в город – накладно. Вот и ждут местные сельхозпроизводители ярмарок в городе или районном центре, когда можно хоть немного сэкономить.

На сегодняшний день в районном центре прошло уже три ярмарки сельскохозяйственной продукции, в которых участвовали Тассуатский и Заречный сельские округа, а также совместная распродажа продуктов сельского хозяйства п. Киевка и сел Акмешит и Ахметаул, где кроме мясной продукции выставлялись картофель, морковь. Здесь было реализовано мясо от трех хозяйств по 200 кг по цене поставщика без посредника 530 тенге за килограмм. На сегодняшний день постоянная продажа мяса организована в поселке в двух точках: в магазинах «Ет-мясо» и «Динара» от 550 до 600 тенге.

Кроме этого, для жителей поселка Киевка районным отделом предпринимательства при содействии областного департамента предпринимательства была организована доставка репчатого лука в количестве 40 тонн, а это два КамАЗа. И если с первой машины лук продавался по цене 50 тенге за килограмм, то во второй заезд его цена была снижена до 40 тенге за кг.

Касаясь хлеба, будет уместным сказать, что так называемый «социальный» хлеб по цене 41 тенге и в количестве 300-350 булок в настоящий момент реализуется по Киевке в трех точках: в киоске около здания поселкового акимата, в магазинах «Жибек жолы» и «Азия центр». «Социальным» он считается потому, что продается без наценок по цене производителя, а муку пекари получают согласно заключенного меморандума через отдел предпринимательства из ТОО «Номад», использующего муку стабилизационного фонда.

В прошедшую субботу прошла первая городская ярмарка в Сарани, куда вывозили свою продукцию пять наших сельских округов: Тассуат, село им. К.Мынбаева, Кертенды, Акмешит и Балыктыкуль. В основном на ярмарке в большом объеме реализовалось мясо, это и птица по 410 тенге, и говядина по 540 тенге, свинина по 550, баранина по 530. Немалым был выбор и молочных изделий, где кроме домашнего молока за 75 тенге, горожане нарасхват брали сметану за 420, масло по 560 и творог по 200 тенге за килограмм и многое другое.

Остались довольны проводимой ярмаркой, как горожане, купившие свежие и качественные продукты, так и сельчане, не оставшиеся в накладе при реализации собственных излишек без посредника. За рубку мяса, за место и за весы на рынке с сельчан деньги не брались.

- Все было достаточно организовано, чувствовалась заинтересованность акимата города Сарани, без внимания не остался ни один сельчанин, все нуринцы были напоены горячим чаем и могли торговать в теплом месте на рынке, - делится впечатлениями заведующий отделом предпринимательства Ж.А.Мухамеджанов. - Нашим производителям руководством города даже было предложено немного поднять свои цены на мясо, которые разительно отличались от городских цен (мякоть и фарш доходили до 800 тенге за кг). Для нас был приготовлен концерт, со всех сторон звучали слова благодарности и прославления Нуринского района, который в этом году отмечает свой 80-й юбилей. Такого теплого приема мы не встречали нигде ранее. На будущее, если появится желание у близлежащих сел района вновь посетить этот город, саранцы обещали в любой момент организацию торгового места на рынке. Домой сельчане вернулись не только с хорошим настроением и заметным пополнением собственного бюджета, но и с грамотами и благодарственными письмами за активное участие в реализации Послания Президента РК по обеспечению продовольственной безопасности страны.

**Следующие ярмарки состоятся в городе Караганде 18 октября, т.е. уже сегодня, а также 1 и 22 ноября. И пройдут они не как обычно на рынке «Шыгыс», а на специально отведенной территории по улице Ленина (начиная от пло**щади Гагарина и практически до конца). Кроме нашего Нуринского района, где будут задействованы уже все села, включая и Тенгизский регион, в ярмарке-распродаже продукции сельского хозяйства примут участие еще два района. Здесь планируется реализовать до 20 тонн мясной продукции, отходы по цене 8 тысяч тенге и чуть более за тонну, муку по 48 тенге за килограмм, картофель, капусту и т.д. В ярмарке может принять участие любой нуринец, желающий реализовать свою продукцию, оплатив при этом только проезд. Все остальное – анализ в лаборатории, рубка мяса, место – бесплатно.

Выгодно? Безусловно! Вот только город-то получает нашу качественную продукцию по сниженным ценам, на что и сельчанам хотелось бы иметь что-то взамен. Задаю вопрос, так волнующий нас сегодня, заведующему отделом предпринимательства: «А будет ли ответная ярмарка города на селе?»,- на что Жумабай Абдыгаппарович отвечает:

- Будет! Во всяком случае, со стороны города Сарани, аким которого обещал организовать ответный визит в Киевку продукции, производимой в городе по цене завода-изготовителя, т.е. без всяких наценок. Это - и колбаса местного производства, различные моющие средства (в том числе шампуни), шланги, ведра, профлист и другой ассортимент. Пока не определен конкретный день проведения такой ярмарки, но, скорее всего, она пройдет где-то в промежутках между нашими выездами в областной центр. Мы хотим ее приурочить к одной из сельских ярмарок в районном центре, где в обязательном порядке планируется реализация капусты, картофеля, лука, птицы и т.д.

Ну, что ж, будем ждать и надеяться, что тоже с пользой для себя встретим горожан с их продукцией. Поддержка должна быть обоюдосторонней: село – городу, город – селу.

**Наталия Шевченко**

## Прокуратура Нуринского района оповещает

20.10.2008 года в здании прокуратуры Нуринского района будет проводиться устное анкетирования на тему «Деятельность органов финансовой полиции по соблюдению прав субъектов предпринимательства при осуществлении уголовного преследования».

Т.К.Асырбаев
заместитель прокурора Нуринского района
младший советник юстиции.

*Алғыс*

## Көптің көптен күткені еді...

Мен өз ойымды сонау Егемендік алған кезден бастағым келіп отыр. Бұлай дейтін себебім: еліміз Егемендік алып, жан-жағна қарап, нарықтық жолға түскен кезде сырт көз түгілі өз еліміздің азаматтырының өзі-ақ сол сәттерді пайдаланып, советтік дәуірден қалған дүние мүліктің барлығын талан-таражға салып жібергені баршамызға аян.

Бүгінде еліміз нарықтық жолға түсіп, өзінің даму бағытын айқындап, алдымен экономика, содан кейін саясат деген ұстаныммен биік-биік асуларды бағындырдық. Тәубә, осыдан айырмасын. Еліміз дамып, әл-ауқаты артқан сайын Елбасымыздың жолдауына сәйкес әлеуметтік нысандар қайта женделіп, кейбіреулері жаңадан салынып жатыр. Осындай нысанның бірі кентімізде қаншама жылдан бері қақырап, бос тұрған монша еді. Былтыр күз айында ғана қызметіне кіріскен аудан әкімі Серік Жаманқұлұлы Шайдаров ауданымыздың 80 жылдық мерейтойы қарсаңында 8 игі іс бастамасын кетеріп, еріксіз елін сүйсіндірген істер тындырды. Сол істердің қатарына жататын монша айналасы үш-төрт айдың жүзінде жөнделіп бүгінде тұрғындар игілігіне пайдаланылуға берілді. Осыдан жарты жыл бұрын мынау монша дәл бүгінгідей жұмыс істейді десе сенбес едім, ал бүгін көзім жетіп қуанып отырмын. Жаллы ішіндегі жуынатын бөлмелері өте ыңғайлы, киім ілгіштері кілтке жабылады, жаңа шкафтар, киінетін жері кең, кезек күткендері болса отыратын жаңа жиһаздар мен түрлі-түсті теледидар, шаштараз бен буфетке арналған белмелері де бар. Бағасы да аса қымбат емес. Монша өте сапалы жөнделіп, халықтың игілігі үшін берілген нысан екеніне көзіміз жетіп, оның рахатын да көре бастадық. Әр кімге бір кіріптар болған әсіресе жасы ұлғайған адамдар үшін бұл өте қажет еді.

Іс тетігі ұйымдастырушыдан дейді ғой, осындай игі істердің бастамашысы болып Мемлекетіміздің игілігіне, өсіп-еркендеуіне жан аямай жұмыс істеп, дамуына үлес қосып жүрген Шайдаров Серік Жаманқұлұлына алғысымды білдіремін. Мұндай бастамалар ары қарай да жалғасын табады деп ойлаймын.

**Смағұлова Мақпал, зейнеткер, Киевка кенті.**


## Аудандық "НҰРА" газетін әр үйге!

**Құрметті оқырмандар!**

Қыркүйек айының 15-нен бастап 2009 жылдың «Нұра» газетіне жазылу басталды.

Жазылу бағасы бір жылға :

-жеке тұлғалар үшін -700 т. .
- заңды тұлғалар үшін -1200 т.
- Ұлы Отан соғысының ардагерлері және Ауғанстан соғысына қатысқандар үшін 50% жеңілдік.

***

## Районную газету "НУРА" в каждый дом!

**Уважаемые подписчики!**

С 15 сентября начата подписка на газету «Нура» на 2009 год. Подписная цена на год составляет:

-для индивидуальных подписчиков – 700 т.
- для юридических лиц -1200 т.,
- для ветеранов Великой Отечественной войны и воинов-афганцев скидка 50%.

За строкой Послания

## Здоровье нации – это общенациональная задача

**Считаю необходимым добиться результативности и повышения качества медицинских услуг путем пересмотра механизмов управления, финансирования, координации и контроля в сфере здравоохранения. Следует также внедрить систему отчетности медицинских учреждений, открытую для общества…» (Н.А.Назарбаев)**

Районное медицинское объединение Нуринского района обслуживает население района, которое составляет 29838 человек. Взрослое население – 20711 человек, 6568 детей, 2559 подростков, среди них - 14704 женщин (женщин фертильного возраста – 8361).

Сеть лечебно профилактических учреждений РМО включает в себя: ЦРБ в пос. Киевка, СУБ в с. Баршино, а также 8 врачебных амбулаторий, 5 врачебных участков, столько же фельдшерско-акушерских пунктов, 9 фельдшерских пунктов и 5 ФП без помещений, стационар на 85 коек (ЦРБ-60 коек, СУБ Баршино-25 коек). Имеется консультативно-диагностическая поликлиника для взрослого и детского населения по 21 специальности, на 150 посещений в смену, травмпункт, дневной стационар на 5 коек терапевтического профиля и вспомогательные службы - рентгенологический и флюорографический кабинеты, физиоотделение, кабинет функциональной и ультразвуковой диагностики, клинико-диагностическая лаборатории, ФГДС, кабинет телемедицины.

В стационаре РМО имеется 30 общетерапевтических коек. из них 20 в ЦРБ, 10 в СУБ Баршино; 15 хирургических, из них в ЦРБ-10, в СУБ-5; родильных -10, по 5 в ЦРБ и СУБ; такое же распределение и среди педиатрических коек; по 5 коек инфекционных, гинекологических и 10 противотуберкулезных коек имеется в центральной районной больнице.

Штат. Всего в раймедобъединении работает 44 врача, занимающих 54 врачебных ставки. Коэффициент совместительства -1,2. Штаты средних медицинских работников составляют 129,25, занято столько же. Количество средних медицинских работников -148. Специализации и усовершенствования за последние 5 лет прошли все врачи и средние медработники.

Материально - техническое обеспечение организации здравоохранения.

По программе строительства объектов здравоохранения в районе запланировано на 2009-2010гг. строительство врачебной амбулаторий в с. Акмешит на сумму 82 млн. тг. В 2010-2011 - строительство ВА в селах Кобетей и Ахметаул. На 2009 г. запланирован капитальный ремонт здания стационарного отделения в ЦРБ - на сумму 73 млн. тенге.

На балансе основных средств РМО Нуринского района числится 25 единиц санитарного автотранспорта (УАЗ 31512, УАЗ-3962, УАЗ 32214, УАЗ-3152, УАЗ-2121), из которого по причине изношенности подлежат списанию 11 единиц 1989-1995 г. выпуска. За последние два года из поступлений нового санитарного автотранспорта было всего 4 автомашины. В целом по РМО уровень оснащения медицинскими оборудованием и изделиями медицинского назначения соответствует восьмидесяти процентам.

Финансирование КГКП «РМО Нуринского района» на оказание медицинских услуг в рамках ГОБМП осуществляется из бюджетных средств. Объемы видов медицинской помощи в рамках ГОБМП и сумма финансирования из государственного бюджета определены типовыми договорами. Общее финансирование составило: в 2007г.-165.701.100тг., в 2008г.-181.008.700тг.



Стационарозамещающая медицинская помощь. С 2006 года при КДП в райцентре и в СВА Щербаковском функционируют койки дневного пребывания. Из анализа пролеченных на дневном стационаре больных видно, что число их увеличивается. Так, если в 2007 году было всего 309 больных, то уже за неполный 2008 год их количество составляет 447 человек. Часть больных, которые раньше лечились на круглосуточных койках, получают лечение на койках дневного пребывания. Есть необходимость открытия коек дневного пребывания и в других СВА района.

Пункт скорой неотложной медицинской помощи обслуживает население п. Киевка, Карой и Ондрус (радиус обслуживания 10 км). Общее количество обслуживаемого населения - 8831 человек. С увеличением идет и количество вызовов на 1000 населения: 10358 вызовов в 2007 году и 10738 – в 2008 году. Вызова обслуживаются вовремя, без нареканий, жалоб на работу скорой помощи не было. В часы работы ПМСП вызова обслуживаются врачами поликлиники. Соблюдается четкая преемственность между скорой неотложной помощью и ПМСП.

Материнской смертности в течение 3-х лет не было. Идет с понижением и показатель общей детской смертности с 5(0,6) в 2007г. до 4(0,5) – в 2008 г. Также отмечается положительная динамика в показателях младенческой смертности: с 2(7,8) в 2007г. до 1(3,4) – в 2008 г. Медицинские профилактические осмотры проводятся по декретированным группам: сельское взрослое население от 18 до 65 лет, дети от 0 до 18 лет, определенные группы населения и т.д. Выявленные больные ставятся на учет и получают лечение на прикрепленных участках.

Все больные, которые находятся на «Д» учете у врачей РМО по разным нозологическим формам заболеваний ежегодно получают лекарственные препараты, отпускаемые по рецептам бесплатно или на льготных условиях по утвержденному перечню видов заболеваний.

Для бесплатного и льготного лекарственного обеспечения в 2005 году - получено препаратов на сумму 7 млн. тг., в 2008 году - на сумму 8млн 300520тг.

Туберкулезная служба. Осмотрено при флюорографическом обследовании по району за 9 месяцев 14830 человек (95,0%), за этот же период прошлого года – 14498 человек (92%). Выявлено в этом году 5 больных, в 2007 году – 20. Заболеваемость на 100.000 населения по району составляет: 27 случаев (90,4) в 2008 году и 41 случай (134,7) в 2007-м. Наблюдается некоторое снижение заболеваемости в 2008 г. Показатель болезненности на 100.000 населения составляет 103(315,1) – 2008 год, 159(522,4) – 25007 год.

Смертность от туберкулезной инфекции стоит на уровне прошлого года – 3 случая

Лечебно-диагностические мероприятия в стационарном отделении КГКП РМО Нуринского района соответствуют протоколам диагностики и лечения заболеваний. Снизился процент необоснованной госпитализации с 0,6% в 2007г. до 0,5% в текущем году. Случаев непрофильной госпитализации нет. Госпитализация плановых больных без предварительного обследования за 2007 г - 0,5 %, идущая за счет больных, приезжающих из отдаленных населенных пунктов. Госпитализация проводится по направлению специалистов ПМСП после проведения обследования согласно протоколам диагностики заболеваний. Сроков нарушения госпитализации нет. Процент послеоперационных осложнений – ноль. Длительность дооперационного пребывания в отделении хирургического профиля в среднем до одних суток. Случаи внутрибольничной инфекции отсутствуют. Случаев госпитализации по одному и тому же заболеванию в течение месяца не было.

**Б.ЕСПАЕВ,**

директ ор РМО Нуринского района

Забота

## Почитая старшее поколение

**В этот день октябрьский**
**По велению века**
**Чествует природа**
**Пожилого человека.**

Каждая семья держится на любви и памяти старшего поколения. Эти люди передают своим внукам и правнукам опыт многих и многих лет, объединяя десятилетия истории в одну непрерывную цепь. Этот день не зря введен в календарь и пройти мимо его, значит – упустить в воспитании молодого поколения очень важные моменты нашей жизни. Так как без прошлого нет настоящего. Именно поэтому учащиеся Нуринского филиала ГУ «Профессиональный лицей № 3» и школьники старших классов КСШ № 1 приняли участие в вечере-встрече клуба «Золотой возраст» под названием «Самая любимая бабушка моя», который организовала и провела районная библиотека.

Встреча старшего и младшего поколений прошла в очень теплой и дружественной атмосфере. Все присутствующие приняли очень активное участие в ее проведении: читали стихи, пели песни, ребята рассказывали о своих замечательных бабушках и дедушках, а члены клуба «Золотой возраст» - о своих любимых внуках.

В этот день чествовали людей, без которых невозможно было бы наше собственное существование. Это столпы жизненного опыта и мудрости, на которых держится каждая семья. Это хранители очага каждого дома. Очень много пожеланий было высказано в этот день в адрес всех бабушек и дедушек.

Б абушке – солнышко, дедушке – стих,
Много здоровья вам на двоих.
Счастья желаем еще на два века,
С Днем пожилого вас человека!

В эти октябрьские дни нам хотелось бы поздравить всех родных и дорогих нашему сердцу людей – старшее мудрое поколение. Пусть не страшат вас появляющиеся морщинки – они словно лучики согревают сердца окружающих. Только вы помогаете нам даже в самое нелегкое время жить и радоваться жизни, учите нас оптимизму и упорству. Мы желаем вам уважения близких, здоровья на все годы и долгой жизни на радость всей семьи!.

Н.Колокольчикова,

завуч Нуринского филиала ГУ ПЛ № 3

Депутат мінбері

## Аманатқа адал азамат



Нұрлан Халелұлының есімі нұралықтарға жақсы таныс. Себебі өзі осы қара Нұраның тумасы, барлық саналы өмірінде өзінің туған жеріне бір кісідей еңбегін сіңіріп жүрген абзал азамат. Ивановка орта мектебін бітірген соң Нұрлан Талғар қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына оқуға түсіп, оны үздік бітіріп, елге оралды. «Трудовик» кеңшарында агроном, аға агроном қызметтерін атқарып, алған білімін іске жаратуға барынша күш жұмсады. Бірақ Нұрланның ұйымдастырушылық қабілетін байқаған сол кездегі комсомол ұйымы оны комсомол жұмысына ауыстырса, одан соң , езінің алғырлығының арқасында партия, кәсіподақ ұйымдарының қызметтерін атқарды. 1988 жылдан бастап 58 жыл бойы аудандағы ең ірі кеңшарлардың бірі «Черниговский» кеңшарының партия ұйымын басқарды.

1997 жылы нарық заманының қыспағының ең бір шырқау кезеңінде Нұрлан «Индустриальный» астық қабылдау пунктіне бастық болып тағайындалды. Ырду- дырду заман, егін шықпаған, сақтауға әкеліп жатқан астық жоқ. Яғни, толық тығырық. Өзінің ой ұшқырлығына салып, алдағы уақытта бұл кәсіпорынды қалай көтеру керек, істі оңға бастыру амалдарын іздеген Нұрлан бір жылдан соң оны қайта құрып «Нұра бидай» ЖШС-гі өмірге келді. Жарғақ құлағы жастыққа тимей, бірер жылдың ішінде ауыл халқын жұмысқа жұмылдырып, егінін егіп, мал басын көбейтіп, серіктестікті алдыңғы қатарға шығарды. Нарық заманына сай іс әрекет жасау, яғни астық қабылдау, оны тазарту, кептіру, тұқым тазарту сияқты операцияларды сапалы түрде жүзеге асыру кәсіпорын жұмысын алға бастыруына әкелді. Бүгінгі таңда ірі шаруашылықтарды айтпағанда, маңайдағы барлық шаруа қожалықтарының астығы, тұқымы осында тазартылып, сақталады. Тұрақтандыру қорының астығы да осында. Ол үшін қажетті қондырғылар баршылық.

Бүгінгі таңда бұл серіктестік өзі де 3000 гектар жерге егін сеуіп, жылдан жылға жақсы өнім алуда. Бұның өзі жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді. Кішкентай ауыл үшін бұл ете қажет еді. Кәсіпорын өз қажеттерін ашу үшін мал да өсіруде, яғни ірі қара, шошқа, қой басын сатып алып, әрі қарай өрбітіп отыр.Өз моншасы, наубайханасы бар, нан бағасы бүгінгі таңда 30 теңге. Техникалық парк те жаңартылуда:биылғы жылы «Енисей» комбайны, 25 тонналық жүк көтеретін машина, ауыл шаруашылық тракторы сатып алынған. Қарамағындағы жұмыскерлерге қаладан қажетінше көмір жеткізіп беру, жем шөппен қамтамиасыз ету бәрі де дұрыс жолға қойылған. Мал жаз жайлауда, жұмыскер алаңсыз. Тіпті осының бәрін көргенде баяғы кеңес заманындай деп те айтып қалдық. Еңбек адамына осылай барлық жағдайды жасап отырса, олар да бар жан тәнімен жұмысқа алаңсыз беріледі емес пе?

1999 жылы Нұрлан Халелұлының еңбегін елеген халқы оны аудандық Мәслихаттың депутаттығына ұсынып, сайлады. Содан бері ол аудандық мәслихаттың үш шақырылымының депутаты.Амангат жүгінің жеңіл болмайтынын жасынан жақсы білетін Нұрлан сайлаушыларымен жиі кездесіп, олардың алдында есеп беріп тұрады. Халық сенімінен шығып жүрген азаматына ел риза. Жыл сайын Кертінді, Кәрім Мыңбаев ауылы тұрғындарына арзандатылған бағамен ұн жіберіледі. Демеушіліктен де шет қалмайды, ауданда өткізіліп жатқан барлық игі шаралардың басы – қасында жүреді десек, артық айтпаған боламыз.

Және бір ерекшелігі Нұрлан – спорт жанкүйері. Ол өзінің атынан туған ауылы – Кәрім Мыңбаев ауылында жыл сайын мектеп оқушылары арасында спорт турнирін ұйымдастырып, өткізуді әдетке айналдырған.

Жұбайы Әлия ұстаз, балалары Жанар Жомарт Астанадағы заң Академиясының студенттері.

Бүгінде елудің асқарына шығып отырған Нұрланның өткен өмір жолывна көз салсақ тынымсыз атқарған еңбегінің нәтижесін көріп, ауыз толтырып «нағыз ел аманатына адал азамат деп айта аламыз». Тәуелсіз еліміздің іргетасын бекіте түсу жолындағы еңбегіне табыс тілейміз.

**Ы.ТАТТЫБАЕВ,**

аудандық Мәслихат депутаты.

Земля и люди

## Главное – остались на плаву

Наша беседа с директором ПК «Индустриальный» Иваном Флориановичем Дильман началась с обмена символических фраз. На мое замечание-комплимент о том, как хорошо сейчас смотрится здание конторы ПК, он ответил: «Да, провели ремонт, а у вас разбирают». У вас – значит в Ивановке, ныне селе им. К.Мынбаева и бывшей усадьбе совхоза Трудовик. И сказал он так, поскольку я там живу. Кстати, сам Иван Флорианович родился в селе Ивановка в 1947-м году, где окончил восьмилетку, а когда упразднили колхоз «Трудовик», его отец Флориан Ивастьянович Дильман переехал с семьей в центральную усадьбу совхоза «Индустриальный», поскольку в Ивановке в то время было туго с жильем.

Отец занял должность заведующего МТФ, а Иван стал работать сначала механизатором, потом токарем в РМО. А вот с 1997 года, т.е. уже 11 лет возглавляет трудовой коллектив бывшего целинного совхоза «Индустриальный». Коллектив этот на сегодняшний день составляет 235 рабочих и служащих. Наших, ивановских, он считает земляками и по возможности трудоустраивает тех, кто «бежит» с правого берега Нуры на левый.

Да, Ивановка уже который раз попадает в переделку. Да, контору бывшего совхоза Трудовик разбирают, и на его землях сейчас образовалось 74 крестьянских хозяйства. Здесь, надо прямо сказать, у них нет перспективы. А основное хозяйство ФПК «Квант» тоже бедствует, земля в запустении зарастает полынью.

В беседе с Иваном Флориановичем мы вспомнили времена перестройки, неопределенные послеперестроечные годы. Отказ от командно-административной формы хозяйствования, от плановой экономики – от социалистической системы - породил хаос: приватизация, раздел общего клина земли по паям, раздел материальной части поставил простого земледельца в тупик. Многочисленные сходы сельчан, разговоры о новых формах хозяйствования – то ПХТ, то ТО и т.д. Пропаганда в прессе, на телевидении фермерства, как панацею от всех бед (один «аграрник» Юрий Чередниченко чего стоил!), а земледельцу жилось все труднее и труднее. Приезжали на село всякие представители от корпораций, с администрации района, вновь проводили сходы сельчан, которые голосовали за единый коллектив, а в результате – полный распад. Так было с совхозом им. Куйбышева, им. Чкалова, «Черниговским».

Здесь другие климатические условия. Да и сами люди: казахи, русские, украинцы не те, у нас другой менталитет и мы никогда не были индивидуалистами, потому что всегда работали коллективно. Вот такое было отступление в нашей беседе с директором ПК «Индустриальный» И.Ф.Дильманом.

«Нас тоже подрывали»,- говорит Иван Флорианович, - и кое-кто от нас ушел «крестьянствовать», но я делал все, чтобы сберечь коллектив, уберечь землю от зарастания полынью. А такая опасность есть, особенно когда подует южный ветер и от соседей чкаловцев приносит семена сорн ков…

Посетовал Иван Флорианович и на районную службу «защиты растений», что ничего н делается в плане защиты.

А вот как обстоят производственные дела в ПК «Индустриальное» на день нашей беседы, т.е. на 6 октября. Скошено ячменя – 2780 га, пшеницы – 13390 га, что в целом составляет 16170 гектаров. Намолот составил: ячмень-2337 тонн, пшеницы – 9611 тонн, итого 11948 тонн. Урожайность 7,4 ц/га. Подходит к концу уборка картофельного поля, расположенное на территории более 50 гектаров, уже собрано около 400 тонн картофеля при урожайности 74 ц/га. Вспахано 1500 га зяби и столько же обработано паров (повторно).

Конечно же, ПК «Индустриальный» - это уже не тот орденоносный совхоз «Индустриальный». И у него тоже проблем хватает. Например, животноводство сведено на нет, осталось всего 180 голов КРС. Коров не доят (подсосные), естественно ПК не поставляет государству ни молока ни мяса, все уходит на внутренние нужды. Дом культуры в этом году передали на баланс районного отдела культуры. Водопровод под вопросом: то ли передать его в райкомхоз, то ли оставить у себя, поскольку в случае передачи в ведомство комхоза, директор опасается возникновения перебоев с водоснабжением села, да и вода станет дороже для рабочих.

В ПК работает баня, пекарня, посредством которых ведется частично расчет с рабочими, сохранили РММ, автогараж, поскольку в хозяйстве насчитывается 57 тракторов, 45 комбайнов и соответственно Прицепные орудия. В общем, ремонтная база сохранена.

В моем присутствии шел телефонный разговор Ивана Флориановича с районным акиматом по поводу зернового стабилизационного фонда и подготовки к предстоящей областной ярмарке «Аул береке» в г.Караганде. Вот такими заботами живет коллектив ПК «Индустриальныфй» и его директор Иван Флорианович Дильман.

**В.ТУЛЯКОВ,**

**с. им. К.Мынбаева**

## ТҮЛДЕНСЕ АУЫЛ - ТҮЛДЕНЕМІЗ БӘРІМІЗ !

# Береке басы - еңбек



**«Ауыл жақсы жолдармен, жолаушы көлігімен, су және жылумен, жабдықтау жүйесімен, ауруханалармен, мектептермен, кітапханалармен, клубтармен және спорттық ғимараттармен қамтамасыз етілуі тиіс. «Нұр Отан» халықтық демократиялық** партиясының халықтық тұғырнамасынан.

«Пржевальское» ауылы және осы аттас шаруашылық тың игеру кезінде құрылған 7 шаруашылықтың бірі. 1954 жылы ұйымдастырыған оған Орта Азияны зерттеуші, орыс смяхатшысы Н.Пржевальскийдің есімі берілген. Алғашқы жылдары мұнда комсомолдық жолдамамен келген жастар, ақ селеу билеген дала төсінде сап түзеген палаткалар,

Жер қыртысын қопарған тракторлар. 1955 жылы Пржевальский атындағы совхозға Кеңес Одағының әр қиырынан 536 адам келген екен. Бүгін сонау кезде комсомолдық жолдамамен келген тың көтерушілер ұрпақтары осы шаруашылықта олардың ісін жалғастыруда. Есімі аңызға айналған екі орденді Штефан Киркэ жасы зейнеткерліктен асып кетсе де, ата кәсібін тастамай бригадир болып еңбек етуде, алдағы кезеңде енді машина трактор жөндеу шеберханасының жұмысын жаңаша ұйымдастыруды қолға алмақ. Жалпы ескіден келе жатқан көздер алтын қазына, еңбек қоры десек, артық айтпаған боламыз. Шаруашылық 1958 жылы мемлекетке 2 млн пұттан артық астық тапсырып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізген.

1996 жылы Пржевальский атындағы кеңшардың директорлығына баламалы негізде Ықсан Балтабайұлы Таттыбаев сайланды. Міне, содан бергі шаруашылықтың өсіп-өркендеуі Ықсан Балтабайұлының есімімен тығыз байланысты. «Азаматына қарап елін таны» дегендей, 2001 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қабылдауында болып, елдің, әсіресе ауылдың ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы мен даму барысы жайында келелі әңгімелесті.

- Сондағы Елбасымыздың айтқан ақылы, өсиеттен тапсырмасынн бір сәт есімнен шығарған емеспін. Бұл кездесу маған үлкен әсер қалдырып, жұмысыма қуат берді. Нұрсұлтан Әбішұлы бізбен екі сағат он бес мсинуттай әңгімелесті. Менің Қарағанды облысы, Нұра ауданынан екенімді білген соң жағдайымызды тәптіштеп сұрады. Нұрекең ауылдың жағдайынан толық хабардар екен, тіпті біздің жердің балл бонитетіне дейін біліп отыр-, дейді Ықсан Балтабайұлы. «Жермен жұмыс істеңдер, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдаланыңдар, сонда жер де өз өнімін аямай береді»-деген ақыл кеңесі әлі құлағымда тұр.

Осы кездесуден жігерленіп қайтқан Ықсан енді шаруашылық жұмысын жаңаша ұйымдастыру жолдарын ойластырды.

Бүгінгі таңда шаруашылық 20 мың гектардан астам жерге дән сіңіріп, содан жақсы өнім алып отырған аудандағы ірі шаруашылықтардың бірі. Биылғы жылдың өзінде қоймаға 1,5 млн пұт алтын астық құйған.

Ол, әрине, өздігінен келген жоқ. Көктемде жер мәдениетін көтеру, жерге минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтер сіңіру, нелдік технологияны пайдалану, өндіріске алдыңғы қатарлы технологиялар мен қазіргі заман талабына сай, отандық және шетелдік техниканы пайдалану шаралары өз нәтижесін берді. Үкімет тарапынан ауылдың жағдайын жақсартуға, ауыл шаруашылығын дамытуға барынша жағдай жасалуда.

Кейінгі жылдары лизинг арқылы техникалық парк жаңартылды. Жанар жағар май,



**Пржевальское селосы тың игеру кезінде, яғни 1954 жылы іргесі қаланған. Бүгінгі таңда тұрғындар саны 788, 253 отбасы тұрады. Ауылда 1 ірі шаруашылық,14 шаруа қожалығы, 5 сауда орны, 1 дәріхана бар. Екі тілде білім беретін орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшерлік акушерлік пункт, спортзал, наубайхана, асхана, монша жұмыс істейді.**



техника, минералдық тыңайтқыштар, гербицидтар – бәріне де субсидиялар мезгілімен, қажет деңгейде бөлінуде. Соңғы екі жылда 21 «Енисей» комбайны, канадалық «Моррис Консепт тұқым себу комплекстері, екі «Бюллер Версатили» комплексі сатып алынған. Осының нәтижесінде көктемгі және күзгі дала жұмыстары жоғары деңгейде, ұйымшылдықпен өтуде. Басты байлығымыздың басы нан екенін ескерсек, қазіргі таңда мемлекеттік маңызды мәселеге айналып отырған азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құрылған облыстағы тұрақтандыру қорына да пржевалдықтар үлесі сүбелі болды.

Әрине, ең басты байлық -адам факторы. Ал бұл шаруашылықта тәжірибелі бас мамандар: Гутов Сергей - бас экономист, Тасымов Жанат - бас агроном, Балтабаев Қанат - бас инженер, бригадирлер:Дубовцев Виктор, Киркэ Штефан, Визе Виктор.

Еңбек озаттары механизаторлар: №1 бригададан Хасан Ербөкен, Дубовцев Сергей, Доценко Сергей, №2 бригададанМакенов Рзық, Абай Құрманғазы, Воробьев Сергей, Оспанов Әділ, №3 бригададан Рақымжанов Нұргелді, Гайсин Сергей, Қонысов Бауыржан, Құсайынов Қайрат ездеріне берілген тапсырманы артығымен орындап еңбек озаттары атанды. Олардың бәрі де бүгінгі күн талабына сай еңбек етіп, жаңа техниканы үршықша иіріп толық меңгерген, күнделікті жұмыстарында еңбекті жаңаша ұйымдастыруға ұмтылуда.

Сонымен қатар ысырапсыз жиналған 20 миллион тонна алтын астықты қабылдап, тазалап, сұрыптап қоймаға құю міндетін атқаратын астық қабылдау пунктінің жұмыскерлері күн-түн демей маңдай тер төгіп еңбек етті. Бірі қабылдаса, бірі тазалап, енді бірі сұрыптап тоқтаусыз қызмет атқарды. Олар: Балыкина Любовь, Вержак Наталья, Зимин Валентин, Жайнар Жапар, Балыкин Александр, Оспанов Мақсат, Вильт Игорь, Пупейко Всилий және ағайынды Белоцеркович Владимир мен Николай, Литвинчук Сергей, жас жүргізуші Гутов Алексей.



Халықтың тұрмысы да күннен күнге жақсаруда. Науқан кезінде былтырғы жылы 9 млн теңгенің жалақысы төленсе, биыл 12,5 млн теңгшенің жалақысы теленбек, сонда орташа жалақы мөлшері шаруашылық бойынша өткен жылы 45 мың теңгені құраса, биыл 60 мыңға жақындады.

«Береке басы еңбек» деп бұрынғылар тегін айтпаған. Еңбекшіл болсақ дегенімізге жетеміз. Ата бабаларымыз бізге асты кенге, үсті мал мен астыққа толы қасиетті мекенді аман есен сақтап, тарту етіп ?етті. Ендігі ұрпақтың міндеті – осы барды ұқсата білу деп түсінемін- дейді шаруашылық басшысы Ықсан Балтабайұлы мен ауыл әкімі Балдырған Сәкенұлы. Иә, "бірлік бар жерде тірлік бар" деген.

Осы екі азаматтың бірккен іс әрекеттерінің арқасында ауылдың жағдайы жақсарып, алға дамуда, ыдыраудан, тараудан аман. Бірнеше ұлт өкілдерінің басын қосқан ауылда достық нышаны берік, олар бүгінде бір бірімен жіте араласып, қоян қолтық өмір кешуде.

Сонымен қатар тұрғындардың жеке меншігінде мал құс өсіруге барлық жағдай жасалған. Бүгінгі таңда тұрғындардың жеке шаруашылықтардағы мал басы өсуде, 1000 нан астам қара мал басы, 2144бас шошқа, 578 қой, 229 жылқы, 3245 құс бар.

Әлеуметтік сала да дамыған, ауылда клуб, монша, спорт комплекс, наубайханга



тұрғындарға қызмет көрсетуде. Шаруашылық есебінен ауылдағы фельдшерлік акушерлік пункт толық қайта жөндеуден өткізіліп, евростандартқа сәйкестендірілді. Бос тұрған бала бақша ғимараты қайта жөнделіп, мектептің пайдалануына берілді. Онда қазір спортзал және бастауыш сыныптар оқиды.

Шаруашылық алғашқылардың бірі болып Моңғолиядан келген жиырма шақты отбасын қабылдаған. Қазір олардың бәрі осы ауылда орныққан. Олардың балаларын оқыту үшін ауылдағы мектепте қазақ сыныптары да ашылған. Бүгінгі таңда ол аралас орта мектепте 125 оқушы білім алып, 18 ұстаз еңбек етуде.

Шәмей Сәмет, Үбай Құрманғазы, Хасен Ербөкен есімді азаматтар көнігі механизаторлармен үзеңгі қағыстырып, науқандық жұмыстарда елеулі табыстарға жетіп жүр. Ал Қуаныш Бердікей ауылдағы фельдшерлік пункті басқарса, Егейбай Марат тұрмыста қолданылатын техникаларды жөндеп ел алғысына бөленуде. Ағайынды Жайнар Ақпар, Жайнар Мұрат кәсіпкерлікпен айналысады, және де ауылда өткізілетін барлық шараларға үнемі демеушілік жасап тұрады.



Ауылдағы жастардың саламатты өмір салтын ұстауға, спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Ниязбеков Ержан атты азамат өзінің негізгі жұмысымен қатар осы жастарды спортқа тарту, ұйымдастырумен де шұғылданады. Олар барлық аудандық қала берсе, облыстық спорттық шараларға белсенді қатысып, бірнеше дүркін жеңімпаздары да болды.

Биылғы жылы ауданымыздың 80 жылдығына орай ауылда балалар алаңы және жазғы спорт алаңы ашылды.

Ардагерлер мен қариялар, көп балалы аналар, мүгедектер де қамқорлықтан сырт қалып жатқан жоқ. Ауыл әкімінің арнайы бағдарламасынна сәйкес оларға үнемі демеушілер арқылы мемлекеттік емес көздерден көмектің әр түрі көрсетіледі, жем - шеп, отын - су жеткізіліп тұрды.

Ауылдың ең өзекті мәселелерінің бірі таза су болса, мұнда ол проблема толық шешілген. Ауылда су құбырлары жүргізілген, бірнеше жылдан бері су үшін тұрғындар ақы телемейді, ол міндеттің бәрін шаруашылық өз мойнына алған. Енді тек тозыңқыраған су құбырларына жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Көптен бері шешілмей келген жол мәселесі де қолға алынуда. Биылғы жылы Шахтерское –Пржевальское тас жолына республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа күрделі жендеу жұмыстары басталды.

Бөтені жоқ адамның жақын бірі,
Жадырайды Нұраның жарқын таңы.
Қызыл қырман сапырып шаруалары,
Тұлпар мініп шығады талпынғаны- деп ақын жырлағандай қара Нұраның бір бөлшегі болған Пржевальское ауылының бүгінгі тыныс - тіршілігі осындай.

"Ауылдарымыз бен селоларымыздың өмірсапасын жақсарту мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді» деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауында көрсетілгендей «Пржевальское» ауылындағы бүгінгі жай осы талаптарға сай деп ауыз толтыра айта аламыз. Ауылдың экономикасы мен мәдениетін дамытуда әр азаматтың азды-көпті маңдай тер еңбегі, өзіндік үлесі бары анық.

Пржевалдықтар да егеменді еліміздің бақытты ертеңі үшін аянбай еңбек етіп жатыр.



Бет материалдарын әзірлеген Бикен АХМЕТОВА

*Аталар сөзі – ақылдың көзі*

# Қорқыт ата

Қорқыт – 7 ғасырда өмір сүрген мәшһүр ақын, асқан күйші, аты аңызға айналып кеткен кемеңгер. Оның өзі оғыз рухынан шыққан қыпшақтың жиені. Қазақ музыкасының тарихында ән-күй өнерінің атасы болып есептеледі.

Қорқытқа байланысты аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар «Қорқыт атаның кітабы» деген шығармасы жинақталған. Шығарманың екі түрлі қол жазбасы бар (Дрезден және Ватикан кітапханаларында сақталған). Олар кейінірек 15-ғасырда жазылған. Көптеген тілдерге аударылған. Түпнұсқасы Стамболда, Ангарада және Румде үш рет басылып шықты. Орыс тілінде де бірнеше рет жарық көрді. Ең бастысы академик В.Бартолд аударған нұсқа (1950 ж – Баку, 1962 ж- Москва, Ленинград).

Төменде Қорқыт атаның бірнеше даналық сөздерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Инабатты болса -әйел көрікті,
Ақсақалы жарасса – шал көрікті.
Сүйікті болса –ағайын көрікті
Үлкен шаңырақтың жанында отау көрікті
Жібек шатырдың жібі көрікті,
Өнегелі болса – бала көрікті.

***

Жүйрік бедеуге қорқақ жігіт міне алмас.

***

Ұл-атаның ері, екі көзінің бірі.

***

Қыз ақылды ескермес-
Ана үлгісін көрмесе,
Ұл жарылқап ас бермес-
Өке үлгісін көрмесе.

***

Сауыт күші – қылышпен қылшылдатып
ұрғанда,
Аттың күші – жігітті алып шығып тұрғанда.

***

Шіріген мақтадан мата шықпайды,
Ескілікті жаудан дос шықпайды.

***

Қыйып түсер қылышты, мұқалғанша шаппаған жақсы.

***

Ат жемейтін ащы шөптің біткенінен бітпегені игі,
Адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі,
Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны игі,
Жалған сөздің болғанынан болмағаны игі.

***

Тебегеннің артын сүзеген айырады.

***

Ауырған жерін ауру біледі.

***

Қара есектің басына жүген салғанмен қашыр болмайды.

***

Қанша қалын жауғанмен,
Қар көктемге қалмайды.
Гүл жайнаған шалғын да,
Қара күзге қалмайды.

***

Ат шабады,
Ер шаттанады.

**Араб әрпінен түсірген**
**Балғабек Нұрғалиұлы**
**«Біздің Отан», №10, май, 1988ж.**

## Алаштың бір жұрты едің әлімсақтан

Қуансам жыр жазамын Нұра жайлы,
Қамықсам мұң жазамын Нұра жайлы.
Аңқылдап келгенімде алыстардан,
Қайран ел құлыншағын сынамайды.

Құшағын үлкен-кіші жазған маған,
Қолыма су құяды маңғаз ағам.
Інілер күндіз-түні айналамда,
Амандап келе жатыр азбандардан.

Аман бол, Қаратальм, қара орманым,
Өзіңді аймалайды бар арманым.
Көгінде Көбетейдің аунап-қунап,
Қарой мен Шұңқыркөлді араладым.

Жүректен түйдек-түйдек жыр ағады,
Әлемге танытармыз Нұраны әлі.
Ұл-қызы басын қосса Құндыздының,
Менің де кем-кетігім құралады.

Тірлікте туған жерге не жетеді,
Түбім бір сырттан менен серке еді.
Шерменде болып жүрген баласына,
Бір күйін сылқылдатып шертеді елі.

Дүние тұрлаусыз ғой, құбылады,
Әркімнің таусылады бір күн дәмі.
Ит пен құс балағымнан тартқан кезде,
Бетке алып ышқынамын құбыланы.

Құбылам Нұра бойы –Қаратальм,
Сен барда жүйрігімді жаратамын.
Бір атым насыбайдан қалса көңіл,
Аңсаймын нағашымның алақанын.

Туған жер, айналайын, алтын мекен,
Ыстықсың ынтымақшыл халқыңменен.
Алаштың бір жұрты едің әлімсақтан,

Бірлік пен тіріліктің парқын білген,
Арнадым, қабыл алшы, жарқын өлең!

*Нұра ауданының 80 жылдығына*

## Құндызды

Құндыздым, менің тұнығым,
Жағаңа келді құлының.
Құмында еді қызығым,
Қойнында еді қылығым.

Құндызым, менің айдыным,
Аяулым, арым, айбыным.
Жағаңда шексіз шаттанып,
Жағаңда жылап, қайғырдым.

Құндыздым, менің мекенім,
Сенделген кезде серт едің.
Ағалар қалды азайып,
Абыржып қалсам ертетін.

Құндыздым, менің байтағым,
Әлемді ән боп байқадым.
Сендей бір жұртым жоқ екен,
Мұңайсам күліп қайтатын.

Қамысың болып толғанам,
Намысың болып толғандым.
Асылдар туған аймағым,
Оғландар өскен орманым.

Тал бесігінде жұбанғам,
Құрағыңды құшып тұра алғам.
Жер бетінде жоқ, сірә,
Өзіңе мендей құмар жан.
... Құндызым, күйім, тұнығым,
Жағаңа келді бір ұлың.
Құмында еді қызығым,
Қойнында еді қылығым.

**Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫ.**

## 80 жылдық мерейтойыңмен!

Қайда жүрсем туған жерім,
Сен есімнен шығармысың!
Жастық дәурен құрған жерім,
Көз алдымда тұрармысың!-
Деп Ескендір Хасанғалиев ағамыздың салған әні бірден еске түседі.

Бәріміз Нұра өңірінің жағалауында өмірге келіп, аңқыған шөп иісі, мөлдір суы, кең даланың жайлауын көріп өскенбіз. Туған жерін сағынбайтын, аңсамайтын адам болмайды. Сондықтан біз Майоровка ауылының тұрғындары осы ауданымыздың 80 жылдық мерейтойын

Нұрлы Нұра,
Туған өлкем.
Әсем жырды,
Шашу етем! – деген жырмен атап өттік.

Бұл тойды ауыл әкімі Төлеген Хамзеұлы, барлық ауыл халқын құттықтау сөзімен ашты.

Осы тойдын бас көзі болған өзінің білгірлігімен, іскерлігімен, білімділігімен жүргізе білген ауыл кітапханашысы Төкенова Дана Сабырбекқызына ауыл халқы болып көптен көп рақмет айтамыз.

Пошта меңгерушісі Мұстафина Гүлжанат домбырасын қолға алып әсем дауысымен «Асыл әжем» әнін құйқылжыта жөнелді, осыдан кейін қолына баян алып орыстың «Земля моя» әнін орындағанда халық қол соғып ризашылығын білдірді. Абай оқулықтарындағы облыстық жүлдегер иесі 10 сынып оқушысы Матжан Гүлстан өзінің осы ауданымыздың 80 жылдық мерейтойына арналған «Менің туған өлкем» атты шығарған тақпағынан үзінді айтып берді.

Туған өлкем, ардақты азат өлкем,
Сұлулығы көз тартар ғажап өлкем.
Жылдан жылға көркейіп келеді ол
Әсемдігі жарасқан, неткен керкем.
Туып өскен жерімнің жөні басқа

«Туған жер»- деп жазар ем қадап тасқа.

Құтты болсын туған өлкем мерейтойың,
Толды ғой нұрлы Нұрам 80 жасқа.

Біздің ауылда бірнеше ұлт өкілдері тұратындықтан оларда өздерінше қатыса отырып, шығарған әндерін көңілді айта білді. Олар 2-орыс сынып оқушылары: Ракитина катя, Бейбутова Сабина, Алексеенко Настя, 5-сынып оқушылары Салқымбаев Марат, Өмірбаев Алмас, 3 сынып оқушысы Сулейменова Арайлым, 7 –сынып оқушылары Қайырбекова Айгүл, Жұмағазиева Алтынай басқа да оқушыларымыздың орындаған әндері мен билеріне халық қайта-қайта қошеметпен қол соғып отырды.

Бұл мерейтойға жиналған халық, бір сергіп, көңілді күйде болды, демалып қайтты. Мереке тойының соңында, ауыл басшысы Темирбаев Атымтай аға ауданымыздың 80 жылдық мерей тойымен құттықтай отырып, келешекте ауылымыздың мәдениет үйінің құрылысы бітіп барлық мерекелік іс-шаралардың игілігіне жарайтынын айтып халықты бір қуантып тастады.

Нұрам менің жайқалып, жайнап ұзағынан өсе бер, құтты болсын 80 жылдық мерекең. Құтты болсын дей отыра ауылымызда осындай болашақ ұрпағымыз бізге осындай әндерін сыйлай берсін.

Маржан Дүйсенбекқызы,
ұстаз. Майоровка ауылы.

*Информирует налоговое управление*

# Обсуждаем проект Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)

Уважаемые налогоплательщики Налоговое управление по Нуринскому району просит принять участье в обсуждении проекта Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс).

Проект Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) (далее – проект Кодекса) разработан в соответствии с Посланием Главы Государства народу Казахстана от 6 февраля 2008 года «Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики». Главой Государства была поставлена задача по разработке нового Налогового кодекса, который должен способствовать модернизации и диверсификации экономики, выходу бизнеса из «тени».

Проект Кодекса направлен на решение следующих задач:
создание условий, способствующих модернизации и диверсификации экономики;
сокращение теневого сектора экономики;
снижение общей налоговой нагрузки на не сырьевые сектора экономики;
повышение экономической отдачи от добывающего сектора экономики;
оптимизация налоговых льгот;
реализация принципа закона прямого действия;
совершенствование системы налогового администрирования.

В проект Кодекса включены нормативные акты, необходимые для определения налоговых обязательств, а также произведена глубокая регламентация налоговых правил. Это позволит в полной мере реализовать принцип закона прямого действия. В Кодексе такие принципы как определенность, справедливость, гласность и единство также будут определяющими.

Проектом Кодекса предлагается ввести новый постоянный консультационно-совещательный орган – Консультационный совет по вопросам налогообложения. Председателем Консультационного совета будет Премьер-Министр Республики Казахстан. Высокий статус совета позволит оперативно решать вопросы по устранению неясностей, неточностей и противоречий законодательства, а также по пресечению возможных схем уклонения от уплаты налогов.

Проект Кодекса предусматривает реформирование налоговой отчетности. В настоящее время, установленные формы деклараций с приложениями и дополнительными формами к приложениям объединяют в себе обобщенные данные об объекте налогообложения и исчисленном налоге. Предлагается отделить формы налоговой отчетности, представляемые в налоговые органы, от аналитического учета, что позволит упростить отчетность и сократить формы налоговой отчетности.

В проекте Кодекса регламентируется порядок налогообложения при передаче имущества в доверительное управление, осуществлении совместной деятельности, реорганизации юридического лица. Подобная регламентация ситуаций, получивших широкое распространение в современной практике, позволит четко распределить налоговые обязательства участников подобных хозяйственных отношений.

Проект Кодекса предусматривает реформирование корпоративного подоходного налога (КПН). В течение трех лет будет снижена ставка КПН с 30 до 15 процентов. В 2009 году ставку будет снижена до 20 процентов, в 2010 году – 17,5%, в 2011 году – 15%.

Основным направлением реформирования является упрощение порядка исчисления и ликвидация излишних исключений (оптимизация льгот) с одновременным снижением ставки налога. Оптимизация льгот и исключений позволит расширить налогооблагаемую базу, что обеспечит равные условия деятельности предприятий со схожим уровнем рентабельности.

По КПН будет предоставляться льгота в форме ускоренного вычета инвестиций. Одновременно удлиняется срок переноса убытков с 3 до 10 лет, что в полной мере позволит воспользоваться преимуществами быстрого списания инвестиций. Освобождение от земельного налога и налога на имущество сохраниться только на территории СЭЗ.

Проект Кодекса также решает многие проблемы, накопившиеся за время действия настоящего Налогового кодекса. Так, исключается обязательная уплата авансовых платежей по КПН для предприятий малого и среднего бизнеса, что значительно упрощает налогообложение и исключает наказание за неверное планирование деятельности, что является сложной задачей для малого и среднего предпринимательства.

Проектом Кодекса предполагается реформирование налога на добавленную стоимость (НДС). Основным направлением реформирования является повышение нейтральности налога по отношению к плательщикам. С этой целью предлагается введение возмещения превышения зачетного НДС над начисленным для плательщиков НДС. Эта мера направлена на устранение замораживания оборотных средств налогоплательщика в виде НДС. уплаченного поставщикам, особенно, в период модернизации и обновления основных средств. При этом администрирование возврата дебетового сальдо должно производиться на основе системы оценки рисков для избежания сплошных проверок.

Проектом Кодекса предусматривается введение ставок акцизов в текст Налогового кодекса, что соответствует принципу закона прямого действия.

Проект Кодекса предусматривает совершенствование налогов с фонда оплаты труда – индивидуального подоходного и социального налогов. Единая ставка индивидуального подоходного налога будет сохранена на уровне 10 процентов. В тоже время проведена работа по уточнению норм кодекса, связанных с исчислением данного налога, в частности, с определением видов имущественного дохода и порядка его обложения.

Социальный налог имел регрессивную шкалу, что подразумевает повышенное налогообложение заработных плат малых размеров. В рамках реформирования социального налога предлагается осуществить переход от регрессивной шкалы налога со ставками от 13 до 5 процентов к плоской шкале со ставкой 11 процентов. Это позволит налог адекватным современным условиям и упростить исчисление налога для налогоплательщика.

Проектом Кодекса предусматривается реформирование налога на имущество. Предлагается сократить объект налогообложения со всего имущества (основные средства и нематериальные активы) до недвижимости. Это позволит снизить налоговую нагрузку на недавно обновленные производства, поскольку налог не будет взиматься с оборудования и машин. При этом в целях сохранения доходов местных бюджетов предлагается увеличить ставку с 1 до 2 процентов.

По налогу на имущество физических лиц будут повышены ставки на дорогостоящее имущество, начиная со стоимостью свыше 50 млн. тенге. Эти изменения позволят более полноценно облагать дорогостоящую недвижимость и придать большую прогрессивность в налогообложении физических лиц.

Проектом Кодекса также предусматривается реформирование налога на транспортные средства. Нынешняя практика налогообложения определяет дальнейшее старение парка автотранспортных средств, стимулируя владельцев автотранспортных средств сохранять старые автомашины в собственности.

Предлагается исключить поправочные коэффициенты на легковые, грузовые и специальные автотранспортные средства в зависимости от срока эксплуатации, что увеличит возлагаемое на владельцев старых машин налоговое бремя, в связи с чем, пересмотрены налоговые ставки на легковые, грузовые и специальные автотранспортные средства в сторону уменьшения

В новом Налоговом кодексе в связи с низким уровнем налоговой нагрузки на малый и средний бизнес, предлагается в основном сохранить режимы, существующие для них в настоящее время.

Проект Кодекса предусматривает для крестьянских (фермерских) хозяйств сохранить прежний порядок применения специального налогового режима на основе единого земельного налога. Однако в целях повышения эффективности использования пахотных земель предлагается ввести прогрессивную шкалу ставок от 0,1 до 0,5 процента в зависимости от размера земельного участка. При этом будут сохранены другие режимы для производителей сельскохозяйственной продукции: уменьшение налогов на 70% для юридических лиц.

Отопительный сезон

# К зиме готовы

На данное число подготовка к отопительному сезону практически проведена полностью. Стопроцентный уровень готовности отмечен по объектам соцкультбыта, образования и здравоохранения, а также по жилым домам.

Подготовка линий электропередачи – 100 % от плана ремонта. Освоение средств по содержанию и ремонту дорог районного значения – 68 %.

Потребность в топливе составляет 11944 тонны, по конкурсу – 11041 тонна. Поставщиками угля являются УД «Борлы» и ТОО «ОПТИМА-Ц», перевозчики – ИП «Жонкин».

Полностью завершен завоз угля в количестве 11944тн по объектам соцкультбыта района.

Всеми организациями – участниками тендера проведена оплата за уголь и его перевозку в сумме 61,3 млн тенге.

Для установки резервных котлов в ДК с.Кобетей и Жараспай приобретены 2 котла стоимостью 580 тысяч тенге, начались монтажные работы. Установка резервного котла в РДК п.Киевка согласно плана подрядчиков была произведена на этой неделе. На период прохождения отопительного сезона организована ремонтная бригада по объектам культуры, в состав которой кроме сварщика и электрика для более оперативного устранения любых неполадок вошли слесарь и рабочий. Кроме того, установлен ежедневный график круглосуточного дежурства практически всеми сотрудниками объектов культуры, включая и выходные дни.

Подключение на циркуляцию тепловых сетей объектов соцкультбыта и семи пятиэтажных жилых домов п.Шубарколь началось постепенно с 6 октября. То есть все школы, две больницы в п.Киевка и с.Баршино, детский сад, Дома культуры, содержащиеся на бюджетном балансе, отдел внутренних дел в п. Киевка и отделение в Баршино, а также все прочие бюджетные организации до конца этой недели подключились к системе отопления.

В районном акимате создан штаб под председательством заместителя акима района Б.Б.Кощегулова по прохождению зимнего отопительного сезона и обеспечению бесперебойного тепло- электро- и водоснабжений района в зимний период.

**К.Оспанов,**

**заведующий отделом ЖКХ, ПТ и АД Нуринского района**

*Тағзым*

# Әкелер еске түскенде...

«Соғыс басталыпты! Германия деген елімізге түн жамылып тұтқиылдан шауыпты» деген суық хабар бүкіл ауылымызды дүр сілкіндіргенде есімізді білер-білмес бала едік. Екі иығына екі кісі мінгендей денелі, зор кісі әжем Жәнипа марқұм:
- Апыр-ай, әлгі әскердегі Аманжан көзіме бір керінбей, сол жақтан соғысқа кетпесе игі еді!-деп 1939 жылы Петропавл қаласындағы педучилищеде оқып жүрген жерінен әскерге алынған ең кенжесі Аманбайын айта берді. Аз күн өткен соң Аманбай көкемнен хат алдық. Балтық бойындағы бір қаладан жазыпты. Сөйтсек, ол кісі 1929 жылдан бері Фин соғысына кірісіп-ақ кеткен екен. Біздерді қорқытпайын деп оны жазбапты.
Соғыстың алғашқы күнінен-ақ әкемнің ауылдағы екі інісі Жамбай мен Орынбек майданға аттанды. Жамбай ол кезде 26-лар шамасында, үйленіп те үлгермеген. Атамыз Секербай ерте қайтыс болса керек. Әжем шиеттей төрт ұл, бір қызбен жесір қалыпты. Сонда ең үлкені менің әкем Тұрхан 17 жаста екен. Ағалары Тұрхан мен Орынбек үйленсін, ортамыздағы жалғыз Күләйша тұрмыс құрсын деп жүріп қалды ғой құлыным» -деп әжем Жамбай баласына аяныш білдіріп отырушы еді. Соғысқа аттанған Орынбектен бір ұл қалды. Ол кісінің жұбайы осы бала туғаннан кейін көп ұзамай қайтыс болыпты. Кішкентай Аманғазыны менің анам бауырындағы Сәтбек деген бауырыммен бірге емізіп, асырып алып қалыпты. 1941 жылдың қарашасында бауырларының соңын ала менің әкем Тұрхан да соғысқа аттанды. Артында алты бала мен әжем бар сегіз жан жаутандап қала бердік. Сонымен Секербайдың төрт ұлы Отан үшін айқасқа аттанса, анам Көкен марқұм азаматтардың орнын басып, жас босанып отырғанына қарамай белін бекем буып, бөлімше фермасына сауыншылыққа шықты. Жағдайымыз өте қиындаған соң 1942 жылдың қысында Маржанкел совхозының екінші фермасында басқарушы болып жұмыс істейтін Секербай атамның ең кіші інісі Имаштың қолына көшіп барған екен. Жазда ол кісі де соғысқа алынып, көп ұзамай қара қағаз келді.
Әкем хат атнымайтын кісі еді, төрт –бес ай өткен соң бір хат алдық, бірақ қай жерден екені жадымда жоқ. Әйтеуір аман екеніне қуанып, есіміз шығып жүрді. Жамбай әкемізден де бір ғана хат алдық. Ол кісі де сауатсыз болатын. Одан кейін хабар-ошарсыз кетті. Сол жалғыз хатын әжем өмір бақи сақтап оқытумен кетті. 1943 жылдың күзінде оң аяғынан ауыр жараланған Орынбек ағамыз елге келді. Сөйтіп сәл есімізді жия бергенде елге оба ауруы тарап, көп балаларды қынадай қырып кетті. Бауырларым Сәтпек, Аманғазы, Күлшара опыт болды. Сол жылы алақандай ауылдан он сегіз бала жерленді. Әскерден хатты жиі жазатын Аманбай көкем де, оның хатын оқитын ең кіші інісі Имаштың қолына көшіп барған екен. Жазда ол кісі де соғысқа алынып, көп ұзамай қара қағаз келді.
Әкем хат танымайтын кісі еді, төрт-бес ай өткен соң бір хат алдық, бірақ қай жерден екені жадымда жоқ. Әйтеуір аман екеніне қуанып, есіміз шығып жүрді. Жамбай әкемізден де бір ғана хат алдық. Ол кісі де сауатсыз болатын. Одан кейін хабар-ошарсыз кетті. Сол жалғыз хатын әжем өмір бақи сақтап, оқумен кетті.
1943 жылдың күзінде оң аяғын ауыр жараланған Орынбек ағамыз елге келді. Сөйтіп сәл есімізді жия бергенде елге оба ауруы тарап, көп балаларды қынадай қырып кетті. Сол жылы алақандай ауылдан оң сегіз бала жерленді.
Әскерден хатты жиі жазатын Аманбай көкем де, оның хатын оқитын сол кезде бастауыш сынып қана білімі бар, көзі ашық Күлшара апамыз. Бәріміз оны айнала қоршап, бір қызық әңгіме тыңдағандай демімізді ішімізге тартып отырамыз. Әсіресе әжем екі-үш қайтара оқытады-да хаттағы сездің бәрін жаттап алатын. Сонда да немересінің оқығанына күдітеніп, бірдеңесін тастап кетті ме дегендей, хатты қойнына тығып алып, ауылды аралап жүріп, -Әй сен хат оқи аласың ба?-деп керінген ересек адамға жармасатын. Оқып берейін дегеннің бәріне оқытып, көңілі тынышталған соң, үйге келіп: «Жарайсың, құланым, бәрін оқыпсың»- деп Күлбаршынның бетінен сүйетін. Келесі хат кешіксе, анда-санда Күлбаршынға сол баяғы хатты оқытады да, жаңа ғана оқып отырғандай емірене тыңдап көзіне жас алатын. Төрт жыл соғыста болған әкемізден екі-үш қана хат келді.
«Қайтсін, қолы тимейтін шығар»-деуші еді әжем, баласын жақтап, хат жаза алмайтынын ұмытып кеткендей. «Сталинградта сол қолымнан ауыр жараландым» деген хаты келді де, алты ай еткен соң «соғысқа қайта кірдім» деген хабары жетті. Соғыстың ақырғы жылы әкемнен мүлде хат келмей қойды. Күдерімізді үзе бастағанда 1945 жылдың қазанның аяқ кезінде қасында орыстың бір жас қызы бар әкем тұрған үйге кіріп келді. Әжем елген немерелерін жоқтап, хабарсыз кеткен Жамбайды айтып баласымен көрісіп жатыр. Көп жұрт, құрдассымақтары: «бұл әскерде жүріп, орыстың мәтішкесімен шатасқан ғой»- деп қылжақтайды. әкем менің басымнан сипап тұрып: - үш баламның өлгенін білгенмін,- деді ақырын ғана.
-Е, кімнен естідің, құлыным-ау? – деген әжемнің сұрағына: - Түс кердім, - деді де түсін айтып берді. «... Польша жеріндегі бір қатты ұрыста контузия деген пәлеге ұшырап, үйінді балшықтың астынан итпен тауып алыпты, ит болмағанда мәңгілікке сол жерде қалар ма едім. Госпитальға түстім. Бір жыл бойына тілім шықпай, құлағым түк естімей өзіме-өзім келе алмадым. Қалтада құжат жоқ, қай бөлімшеден кім екенімді ешкім білмейді. Ұрыс басталып соғысқа кірісімен құжат штабта қалады. Қағаз бен қарындаш әкеліп: «жаз»- дейді, мен жаза білмеймін. Медсестра қыздар көздеріне жас алып, кетіп қалады. Жыл еткен соң тілім бір қайыруға келді-ау, әйтеуір. Мынау жанымдағы қыз мені үйге жеткізіп салу үшін арнайы бөлінген адам. Ептеп өзіме-өзім келе бастаған бір күнде түс көрдім. Өзеннен төрт бала батпақтан өтіп келеді екен. Ең алдында Жолтайым екен деймін, әрең шығып маған келді. Соңынан ерген үшеуі батпаққа батып кетті. Сонда-ақ сезгенмін: Е, Жолтайым қатты ауырып тәуір болған екен де, қалған үшеуі мерт болған-ау дегенмін...» Қолмен қойғандай қандай түс десеңші!
Көп кешікпей майданнан Аманбай көкем де келді-ау. Әкем мен шешем қуанғаннан естері шығып кете жаздады. Ал әжем болса отырған орнынан тұруға мұршасы келмей, алып денесін біреу шырмап тастағандай, екі қолын алға созған қалпында тұра алмай, шөңкеріліп отырып қалды. Аманбай көкем өзі ұмтылып келіп, тік тұрғызғанда, әжем енді айрылып қалмастай құшағын жазса айрылып қалатындай, баласына жабысып қалыпты. Жылауға да шамасы келмей, құшақтаған күйі көп тұрды. Соғыстан тек Жамбай әкеміз ғана келмей қалды. Сол хабарсыз кеткен күйінде оралған жоқ. Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтар ескерткіш кітаптің 2-ші томында 503-ші бетінде 1943 жылдың 17 қаңтарда Смоленскінің Гжатск ауданы Долгое селосына жерленіпті делінген. – Аузына құдай салды ма,- дейтін әкем, - соғысқа аттанарда: -Сендердің жолдарында мен құрбан, сенің артыңда бала-шағаң қалып барады, Аманбай болса көзі ашық, оқыған кенжеміз -ғой –деп еді-ау, қайран бауырым, Жамбайым- деп күрсінетін әкеміз. Екі айдай елде жүріп, мауқын басқан кенже ағамыз Аманбай 1945 жылдың күзінде Москваға жүремін, әскери оқуға түскем демесі бар ма? Әжем болса онысын түсінгісі де келген жоқ. –Ау, соғыс бітті, әлгі құрғыр ит китлерің жеңілді. Сенің әскери оқуың енді кімге керек?! Өтірігіннің маған керегі жоқ. Сен басқа бірдеңеге барасың. Аламын деген мәтүшкең болса, осында алып кел. Әйтпесе Тұрханның түрі мынау, жарымжан. Шиеттей жанды тастап әскери оқуың не? Осыдан кетіп көр, ақ сүтімді кешпеймін, ақ сүтімді аспанға сауамын,- деп шешімін бірақ айтты. Амал жоқ, ананың ауыр сөзінен аспаған көкем Осакаровка ауданындағы мал бордақылау мекемесіне жұмысқа түсті. Кейін Нұраға ауысып, өмірінің соңына дейін сол қызметін атқарды. Аманбай көкем тек біздің отбасы емес, бүкіл ауылдың кем тарларына, жасы жетіп ұлғайғандарға, ауылдың барлық адамдарына қамқор еді. Ауылға айына бір соқпай кетпейтін. «Ол кісі келген күні алақандай Богучардың «алтыншы» атанған ауылының бас көтеретіндері көкем түскен отбасына жиналатын. Кәрі- жасы қас-қабағына қарап, ауыл адамдарының әрқилы әңгімесін қортындылап отыратын. Көкем Секербай атамның немере інісі Сәрсен атайды қатты силайтын. Көбінесе сол үйге түседі.
Сәрсен атамның төрт қыздың ортасындағы жалғыз ұлы Кәкен соғыстың
Алғашқы күндерінде-ақ опат болып, артынан қара қағаз келген. Көктемді көргенде сол Какенін көргендей қуанып бір жасап қалады екен. Өйткені ол кісі де көкеммен қатарлас екен. Сәрсен ата Аманбай деп атын атамай, көбінесе Кәкенжан-ау деп сейлейтін. Құлағы үйреніп кеткен ол көбінесе Кәкен болып жауап бере беруші еді. Бірде кекем келсе, күннің ыстығына қарамай қалып маңдайына апарып, қайта-қайта жол жаққа қарап отырған Сәрсен атама.
- Е, біреу келуші ме еді ? – десе кезінің жасын сүртіп, бір жағы күлген
болып:
- Әй, Аманбайжан-ай, автобустан үш-төрт сары шашты балаларымен шәші дударланған бір әйел түсіп жатса, соңынан шабадандарын ұстап Кәкен түсе бастаса мен не істер едім деген ой басады, - деп отырып қалыпты. Сол арманы өзімен бірге көрге түсті-ау марқұм Сәрсен атам-ай!
Иә, қырғын соғыс талайларды қайғы-қасіретке ұшыратты. Талай адамдар хабарсыз кеткен балаларын, бауырларын сарғая күтумен өмірден етті.
Мен де бүгін әкелерді еске түсіріп, бұл күнді көре алмай кеткен боздақтардың алдында тағзым етем.
Топырақтарың торқа болсын, әкелер!

**Жолтай ТҰРХАНҰЛЫ,**
**Зейнеткер ұстаз Киевка кенті.**

# Жараспайлықтар қарттар күнін атап өтті

**«Ақиқатты айқындап дариялар,**
**Бара жатыр азайып қариялар»,-**
дегендей ортамызда жүріп ақыл берер қарттар бүгін күн сайын азайып бара жатқандығы көңілімізге мұң ұялатқандай. Жыл сайын қазан айының 1-ші жұлдызында қарттар күні атап етіледі. Биылғы қарттар күні Жараспай ауылында да ескерілмей қалған жоқ.

Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер деген екен қазақ. Сондықтан да менің осылай бізді елеусіз қалдырмағаны үшін ауыл басшысы Қоңырбаев Сейілхан Оспанбайұлына айтар алғысым шексіз. Жыл сайын қолынан келгенінше ақшалай сыйлық, ұнын беріп, қарттар мен мүгедектерді бір қуантып қояды. Биыл да 27 қарт қария мен 35 мүгедек жандарға сыйлықтар табыс етті. Рахметімізді айтып, еңбегі жана берсін деп тілейміз.

**Оразақ Ибаділдәұлы,**
**Жараспай ауылының ақсақалдар төрағасы, еңбек және тыл ардагері**

# Құттықтаймыз!

Майоровка ауылының тұрғыны **Бастенов Мұрат Бейсекеұлын** 40 жасқа толатын мерейтойымен құттықтай отырып мына жыр шумағын өзіңе арнаймын:



Мұратжаным құрақсың
Түнде жанған шырақсың.
Бейсекеден қалған тұяқсың.
Немерелер сүйгіздің Жасұланмен Дианамды,
Еркелетіп, күлдіріп, тілді балға тигіздің.
Бағланың қосағың, өмірде ұзақ жасағың,
Тілеуім менің аналық, әр табысың, жүрісің,
Маған үлкен жаңалық.
Бахытжан мен Сағындық бірі тіреу, бірі сүйеу,
Көңілге түспесін қаяулық.
40 жылдығың тойлансын, дастарханың майлансын,
Әкеңнің қолдап аруағы, әуелі Алла оңдасын.
Пайғамбар болсын жолдасың,

Денсаулығың әрқашан мықты болсын
Өмірің шаттықпен нұрға толсын,
Бақытың дәулетіңмен таса берсін,
Дұшпаның қырдан үркіп қаша берсін.
Бата сол бізден сізге, рахмет жауып,
Құдайым маңдайыңды аша берсін.

**Ақ ниетпен мамаң Сара Қабышқызы Бастенова. №493**

Изенді ауылындағы «Отқанжар» ЖШС-нің басшысы Отарбаев Қанат Жариясұлын ердің жасы 50-ге толатын мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына ырыс-береке тілей отырып, төмендегі жыр шумақтарын арнаймыз.

Артқа тастап қаншама сағым жылды,
Шуақ шашқан маңайға жаны нұрлы.
Жайсаң мінез, кең пейіл асыл адам,
Елу жастың асуын бағындырды.

Дәулет, әр кез шаттыққа кенеле бер,
Немерелер, көп болсын шеберелер.
Абыройың асқақтап, денің сау боп,
Бәйтеректей мәуелі көгере бер!

**Игі тілекпен: Қайыржан-Жұмабала Әлишахмановтар әулеті.**
**Осакаровка кентінен. №497**

*Армия*

# Прошел призыв на воинские сборы

В Нуринском районном отделе по делам обороны прошел осенний призыв граждан на воинские сборы – мероприятие, проводимое в Вооруженных силах, в других войсках и воинских формированиях по военной подготовке, совершенствованию воинских знаний военнообязанных с призывом их в воинские части в целях повышения боевой и мобилизационной готовности.

Основной целью воинских сборов является повышение боевой и мобилизационной готовности воинских частей, подготовка и накопление в запасе военно-обученных ресурсов, необходимых для развертывания Вооруженных Сил Республики Казахстан при мобилизации и укомплектовании их в военное время в районах комплектования.

Военнообязанные призываются на воинские сборы на основании Постановления Правительства РК от 16 мая 2008 года «О призыве военнообязанных на учебные сборы». В нынешнем году отдел по делам обороны, согласно доведенного планового задания, провел ряд мероприятий, связанных с призывом военнообязанных на учебные сборы.

Всего с июля по сентябрь месяц 2008 года было призвано 39 военнообязанных. Сборы в июле, августе проходили при в/ч 31775 г.Караганды.

С 9 по 19 сентября 2008 года проведены республиканские военно-экономические учения на территории г.Караганды с подразделениями территориальной обороны. Целью данных учений ставилось обучение органов управления области, частей ВС РК к функционированию в условиях военного положения и решению задач организаций системы территориальной обороны.

В ходе проведения занятий по подготовке с подразделениями территориальной обороны военнообязанным Нуринсккого района дана высокая оценка. Пять военнообязанных награждены грамотами акима района, пять – благодарственными письмами.

Каждый из награжденных с полной ответственностью отнесся к проведенным мероприятиям, показав свою грамотность. эрудированность. сноровку и готовность к защите Отечества.

К.ЖОЛБОЛДИН,
начальник отдела
по делам обороны Нуринского района

# Алғысымыз шексіз

Үстіміздегі жылдың қазан айының 7-8-ші жұлдыздарында ауылымызда үш үйден өрт шығып, қора-қопсылары жанған кезде ауыл тұрғындары жабылып сөндірді. Ерекше атауға болатын «ТОО Нұр-Астық 2005» басшысынан Темірбаев А.А. барлық жұмыскерлері және бір су таситын машина, екі трактор қатысты. Мұғалімдер қауымы басшысы Абаев Е.Е. болып басынан аяғына дейін көмектесті. ТОО «Нұр-Астық 2005» жанған шөбіміздің орнына шөп беріп тағы басқа көмектерін беріп жатыр.

Қиыншылық сәтте қасымыздан табылып, қол ұшын берген ауыл тұрғындарына шексіз алғысымызды айта отырып, дендеріне саулық, отбасыларына амандық тілейміз.

Ишанкуловтар жанұясы,
Майоровка ауылы. № 494


## Вниманию населения района!

КГП «Каратал» акимата Нуринского района находится по улице Мынбаева, 102 (в бывшем здании ДЭУ), оплату за услуги можно произвести по этому же адресу, а так же принимаются заявки на услуги (откачка септика, предоставление автотранспорта, погрузка и вывоз мусора) по телефону : **22-7-92** с 900 до 1800, кроме выходных.

## Вниманию населения района!

С 10 октября 2008 года в п. Киевка функционирует коммунальная баня. График работы с 900 до 2200 пятница, суббота, воскресенье. Цена билета 200 тенге, ветераны войны и дети до 5 лет – бесплатно, детям с 5 до 12 лет -50% стоимости.

Телефон в бане: **22-0-03.**


## Құрметті қауым!

Арғын, Темеш Ораз Базаргелді Қазымбет Бопы Манам азаматтары мен азаматшалары 2007 жылы жарық көрген Базаргелді Қазымбет Бопы Манам шежіре кітабына толықтырулар енгізіліп 2-ші кітабы жарыққа шығады. Қалып қойған немере, шөбере, балаларыңыз және ұсыныстарыңыз болса 2008 жылдың 1 – қарашасына дейін мына мекен-жайға хабарласуыңызға болады:
Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Байтуған ауылы Мұқанов Хамзе Микенұлы. Байланыс тел.: 36-2-16, ұялы тел.: 8-701-2466314. № 490.